


Арманға биік актер

Кешқұрым. Пультті қолыма ұстап, телеарналарды сапырылыстырып басып отыр едім, таныс жігіттің бейнесі экраннан жылт етті. «Пәлі, мынау Данияр ғой!» деп, аңтарылып, сериал атаулыға құмар болмасам да, ынтыға қарадым. Фильмнің аты «Арманға 20 қадам» екен. Ең бастысы, бас кейіпкер - архитектор жігіт Темірланның рөлін екібастұздық жас актер Данияр Сванқұлов ойнап жатыр. Жас талаптың киноактер екенін бұдан бұрын естігенмен, онша мән бермеп едім, енді қызығушылығым оянып, орайы түссе, жолығып, әңгімелесуді ұйғардым. Көп ұзамай мұның да сәті түсті.



деген топ құрдық. Кәсіби жетекшіміз болған емес, репертуарды өзіміз таңдадық, әндерді өзіміз әрледік, орындадық. Сол төрт жігіттің бірі - Әділ Жәлелов - бүгінгі күні танымал рэппер, Ресейде, Скриптонид деген лақап атпен белгілі. Ал өз басым мектеп бітірген соң Астана қаласындағы Қазақ ұлттық «Өнер» университетіне барып бағымды сынауға бел будым. Анам Гүлнәр Кеңесқызы талабымды құптап, дем



- Данияр, редакцияға хош келіпсің. «Арманға 20 қадам» фильмін тамашаладым. Актерлік ойының көрермен көңілінен шықты деп ойлаймын. Бәлкім, танымалдық та әкелген болар?

- Танымал болу үшін толымды істер атқарылуы тиіс. Әлі ертерек сияқты. Десек те фильм «Қазақстан» ұлттық телеарнасынан көрсетіліп жатқанда, мынадай бір қызық оқиға болды. Кешкілік «Водно-зеленый» бульварында тұратын бір досыма жолықпақшы болып көпқабатты үйдің даланына кіре бергенде, алдымнан немересін жетелеген қарт шыға келді. Бас изеп өте берген сәтте, қария басын артқа бұра қайырылып, «Әй, бала, сен Темірлансың ба? Астанада неғылып жүрсің? - деп, таңдана сұрады. Күтпеген жайт, әуелгі бетте абыржып қалып, содан соң: «Ата, фильм Алматыда түсірілген, Темірлан сонда, ал мен актермін, Астанадамын», - дедім күліп. Шал: «Солай ма, қарағым», - деп, өз жөнімен кете барды.

- Аталған фильм сәулетші Темірланның өз арманына жету жолын, яғни, 1998-2018 жылдар ішіндегі оқиғалар тізбегін қамтиды. Егер пәлсапалық ой түйсек, адамға



асқақ арманы бірден жалынан ұстатпайды, сол мақсаттағы әр қадамы - жақындата түсер бір баспалдағы. Киноактер атану үшін өзің қандай қадамдар жасап үлгердің?

- Өнерге жаным бала күнімнен құмар

болды. Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы №22 гимназия-мектебінде оқып жүргенде КВН командасы құрамына еніп, сахнаға шығып жүрдім. Едәуір уақыт өткен соң рәпке құмарым ауды. Төрт бозбала бірігіп «Сицилия»

берді. Шығармашылық сынақта «Аққу, шортан һәм шаян» мысалын оқып, әнші Медеу Арынбаевтың бір әнін орындап бердім. «Билеу білесің бе?» - деп сұрады комиссия мүшелерінің бірі. Бос орындықты құшақтап вальс биледім. Одан басқа би білмеуші едім. Әйтеуір сынақтан да, тесттен де сүрінбей өтіп, грантқа қол жеткіздім. Сөйтіп, «Актерлік шеберлік» факультеті студенті атандым.

- Қазіргі уақыт ырағалып-жырғалып жүруді көтермейді.

Студент күндері қарап жатпаған шығарсың?

- Әрине. Біріншіден, отбасына салмақ салмау керек, екіншіден, өнер төңірегінде болу кәсібіңе икемделуге мүмкіндік туғызады.

I курстан бастап 2010 жылы Астана қаласы әкімдігінің Қуыршақ театрына актер болып жұмысқа кірдім. Арада төрт жыл өткенде біздің театр «Ортеке» халықаралық байқауына қатысу үшін «Патша Арыстан» спектаклін өзірледі. Еңбегіміз жемісін беріп, ұжым бас жүлдені иеленді де, мен «Ең үздік ер рөлі» аталымында марапатталдым. Сонымен бірге, «Қазақстан» ұлттық арнасы дубляж жасаушыларға кастинг жариялап, көп студенттің ішінде мен де қатыстым. Айтпақшы, кастингке барғанда, сол жерден «Сахна тілі» пәнінен дәріс оқитын оқытушымыз Айнұр Болатқызын көріп, біртүрлі қысылып-қымырылып қалғаным да рас. Жолым болып, жігіттер арасынан таңдау маған түсті де, Айнұр Болатқызы екеуіміз дубляжды бірге жасайтын болдық.

- Бүгінгі күні телеэкранда аударма сериал көп. Ондағы рөлдерді кім дыбыстағанына көрермен назар аудармауы да ықтимал. Данияр бауырым, көпшілік есінде қалды-ау деген біреуін аташы?

- Қытайлықтар түсірген «Құбылай хан» тарихи фильмі болар. Жұрт жаппай көрген осы фильмде мен Мөңке, Шыңғыс хан болып ойнаған актерлердің сөзін қазақша дыбыстадым. Қалай шыққанына

ауыз емессің, тәжірибең бар, ысылған актерсің.

- Бәрібір жеңіл тимейді. Образға ену, сомдау ізденісті, қажырды талап етеді. Бізде киноактерлер кинода өзін-өзі ойнаудан аспай жатады. Сол себепті де кейіпкерлерінен даралық байқалмай, көрермен ықыласы суиды. Орыс киноактері Сергей Безруковтің рольдері жеке болмысы, мінезімен дараланады. Нағыз актерлік шеберлік деп бағалауға әбден лайық. «Арманға 20 қадам» фильмінің бас жағында менің кейіпкерім Темірлан - жас жігіт, соңына қарай елуге таяған жасамыс адам. Шашына ақ кіріп, бетіне әжім түседі. Менің бет-бейнемді өзгерту гримдеушілерге оңай түспесе, кейіпкерімнің жан дүниесінде өзгеріс, иірім, толқынысты көрерменге жеткізу маған да жеңіл болмады. Дәмханада, көшеде жасы елудің шамасындағы ер адамдардың жүріс-тұрысын, әдетін, сөйлеу кезіндегі дауыс ырғағын сырттай бақылып, ойша сүзгіден өткізіп, оңашада машықтандым. Қысқасы, көп еңбектендім десем, асыра айтқандық емес.

- Данияр, ендігі шығармашылық жоспар қандай? Доңыз жылы, Жастар жылы өзіңнен не күтеміз?

- Тағы бір фильмге түсуге өзірленіп жатырмын. Орыс

– көрермен төрөші.

- Ал кино әлеміне қандай рөлмен ендің?

- Мақсатына берік әр адамның түбі күні айы оңынан туады. Кинорежиссер Қанағат Мұстафин «25 мгновений независимости» деректі сериалына кастинг өткізді. Содан дәмелі болып, өзімді телефон камерасына түсіріп, бейнекастингке жібердім. Ұнатқан екен, іріктеуден өтіп, фотограф Әділдің бейнесін жасадым. 2016 жылы түсірілген бұл сериал Тәуелсіздік тарихын парақтайды. Шынымды айтсам, мен де олжалы болдым. «Сенімен жұмыс істеу маған ұнайды», - деп Қанағат аға келесі фильміне түсуді ұсынды. Дүниенің жұмбағы көп емес пе, мен өзім 1991 жылы туғанмын, яғни, Тәуелсіздікпен түйдей құрдаспын. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына түсірілген деректі фильм 25 жасымда киноға алып келді.

- Келесі фильм «Той любой ценой» деп аталды.

- Иә. Кино түсіру алаңына келгенімде бірқатар белгілі актерлермен бірге ойнайтынымды көріп, біраз қобалжыдым. Отбасылық комедияны түсіру барысында қобалжудан арылып, өзіме жүктелген рөлді сәтті ойнап шығуға күшжігерімді салдым. Кинорежиссер Қанағат ағаның маған білдірген сенімін ақтау да маңызды болды. Бұл кинокомедия кейін еліміздің кинотеатрларында көрсетіліп, лайықты бағасын алды.

- Әр рөл актерді есейтеді емес пе. «Арманға 20 қадам» фильмінде Темірланды ойнауға кіріскенде сары-

кинорежиссері «Невеста» детективтік фильміне шақырып отыр. Бұл жолы ешқандай кастингке қатысқан жоқпын. Бір фильмдегі эпизодтық ойынымды көріп, кинорежиссер өзі хабарласты. Жаңа фильмнің бас кейіпкері жеке детектив рөлін танымал қырғыз актері Азиз Бейшенәлиев ойнайды, мен соның көмекшісі – Ерденмін.

- Әр түрлі жанрдағы киноларда ойнай білу де актердің шеберлігін көрсетіп, дарынын ашады деп білемін. Данияр бауырым, көңіліңде бұғып жатқан, ешкіммен бөліспеген арман-мақсат бар ғой, әрине.

- Сезімтал өнер адамы онсыз бола ма? Өнерге қоса, тарихты ұнатамын. Мұның да себебі бар. Мен үшін ең асыл жан – анам Гүлнәр Кеңесқызы Сванқұлова. Екібастұз қаласына белгілі тұлға, тарихшы мұғалім. Ендігі арманым – тарихи фильмде ойнап, мені тәрбиелеген, мейіріміне бөлеген, қиялымды қанаттандырған анамды қуанту. Ал актер ретінде айтарым, бүгінгі заман, бүгінгі адам жайлы фильмде ойнау осы заман перзенті болғандықтан, аса қиын емес сияқты. Тарихи рольдің жөні бөлек. Көп оқып, көп іздену қажет. Өзімді жаңа қырымнан көрсетуім де ғажап емес.

- Олай болса, Данияр бауырым, арманыңа жет! Біз, екібастұздықтар, өзіңді биік белестерден көріп, мақтан етейік.

Сұхбаттасқан:
Жассерік ЖӘЛЕПҰЛЫ.